

"Южное" конструкторлық бюросының ғарыш қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы ұсыныстарын қарау жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 22 шілдедегі N 203-ө Өкімі

"Южное" конструкторлық бюросымен ғарыш қызметі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда ведомствоаралық жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|----------------------|---|
| Қосынов | - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым |
| Алмас Олжабайұлы | министрлігі Аэроғарыш комитетінің |
| | төрағасы, жетекші |
| Әбдіжапаров | - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым |
| Асқар Сейдәліұлы | министрлігінің Аэроғарыш комитеті |
| | төрағасының орынбасары, жетекшінің |
| | орынбасары |
| Дүйсенов | - "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" |
| Сембай Төлебайұлы | акционерлік қоғамы Спутниктік байланыс |
| | жүйесі департаментінің директоры |
| | (келісім бойынша) |
| Құспан | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер |
| Айгүл Сейфоллақызы | министрлігінің Еуропа және Америка |
| | департаменті Тәуелсіз Мемлекеттер |
| | Достастығының Еуропа елдері бөлімінің |
| | бастығы |
| Монагарова | - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны |
| Евгения Михайловна | қорғау министрлігі Экологиялық |
| | сараптама және табиғатты пайдалануды |
| | реттеу департаментінің басқарма бастығы |
| Молдабеков | - "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" |
| Мейірбек Молдабекұлы | акционерлік қоғамының басқармасы |
| | төрағасының орынбасары (келісім |
| | бойынша) |
| Солодилов | - Қазақстан Республикасы Қорғаныс |
| Сергей Петрович | министрлігі Телекоммуникациялар, жаңа |
| | технологиялар және нысаналы |
| | бағдарламалар бас басқармасының бастығы |

Ермекова - Қазақстан Республикасы Экономика және
Несіпбала Әбсағитқызы бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық
органдардың шығыстарын жоспарлау
департаментінің директоры

Шымырбаев - "Қазғарыш" ұлттық компаниясы"
Марат Қатубайұлы акционерлік қоғамы арнайы
конструкторлық-технологиялық
бюросының директоры (келісім бойынша)

Шығаев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Мұрат Насырұлы министрлігі Аэроғарыш комитетінің
аэроғарыш қызметі саласындағы
мемлекеттік саясатты іске асыру
басқармасының бастығы.

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы бір ай мерзімде "Южное" конструкторлық бюросымен ғарыш қызметі саласындағы ынтымақтастықтың ықтимал бағыттары туралы мәселе жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Премьер-Министр